

3Dali plus 3D қаламы

Пайдаланушы нұсқаулығы



4783118

Сізге біздің өнімді таңдағаныңыз үшін алғыс білдіреміз. Қолданар алдында осы нұсқаулықты мұқият оқып шығыңыз. Барлық сақтық шараларын қатаң сақтаңыз, бұл 3D қаламының қызмет мерзімін арттырады.

Төменде көрсетілген сақтық шараларын сақтамау 3D қаламының бұзылуына әкеледі және тауарды қайтаруға себеп бола алмайды.



САҚТЫҚ ШАРАЛАРЫ

① Қаламның барлық саңылаулары өндіруші зауытта сапа тексерісінен өтеді. Осыған байланысты қаламның ұшында аз мөлшерде пластик қалуы мүмкін. Алғашқы қолданар алдында қаламды 230°C дейін жылытуды ұсынамыз. Мұны істеу үшін қаламды қуат бейімдегішіне қосыңыз және пластиктің түрін таңдау батырмаларымен СК-дисплейде ABS таңдаңыз. Өрі қарай пластикті беру батырмасын басыңыз. Қалам автоматты түрде 210°C дейін қызады. Содан кейін температураны реттеу батырмаларымен 230°C температураны орнатыңыз. Температураны орнатқаннан кейін 1 минут күту керек, содан кейін пластиктің жаңа бөлігін жүктеңіз. Бұл пайдалану басында пластиктің жабысып қалуын болдырмауға көмектеседі.



- ③ Сурет салу уақытында пластикті ауыстыру кезінде, “Пластикті түсіру” батырмасын басу арқылы алдыңғы пластиктің қалдықтарын алып тастауды ұмытпаңыз.

- ④
- 
- Ешқандай жағдайда жұмыс аяқталғаннан кейін пластикті қаламда қалдырмаңыз, бұл пластиктің қатаюына және болашақта қаламды пайдалану мүмкін болмай қалуына әкеледі. Сурет салу аяқталғаннан кейін пластикті қаламнан ДЕРЕУ алыңыз.

- ⑤ Ешқандай жағдайда жұмыс аяқталғаннан кейін пластикті қаламда қалдырмаңыз, бұл пластиктің қатаюына және болашақта қаламды пайдалану мүмкін болмай қалуына әкеледі. Сурет салу аяқталғаннан кейін пластикті қаламнан ДЕРЕУ алыңыз.

- ⑥ Егер сіз қолданғаннан кейін пластикті алып тастауды ұмытып кетсеңіз, қаламды келесі рет қосқан кезде оны 230 градусқа дейін қыздырып, қолданар алдында 1 минут күтіңіз.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

- PLA пластикімен жұмыс істеу режимінде қаламның максималды қызуы 210. Қажет болса, қаламды 230°C дейін қыздырыңыз ABS режимін таңдаңыз және температураны 230°C дейін қолмен реттеңіз.
- Бұл құрылғы ересектер мен 8 жастан асқан балаларға жарамды. Балалар тек ересектердің бақылауымен пайдалануы керек.
- Қаламның ұшына қолыңызды тигізбеңіз, температура 230°C жетуі мүмкін.
- Пластикалық тесікке бөгде заттарды салмаңыз.
- Тек жиынтықта берілген қуат блогын пайдаланыңыз.
- Тек жоғары сапалы материалдарды пайдаланыңыз.
- Балалардың қолы жетпейтін жерде сақтаңыз.

ҚҰРЫЛҒЫНЫ ЖҰМЫСҚА ДАЙЫНДАУ



Қуат бейімдегішін алып, оны құрылғыға қосыңыз, содан кейін желіге қосыңыз. Сары индикатор және СК-дисплейде “PLA” жазуы жанады.



Температураны реттеу батырмалары арқылы “PLA” немесе “ABS” жұмыс істейтін материалды таңдаңыз. Watson пластикімен жұмыс жасағанда ABS таңдаңыз. Әрі қарай пластикті беру батырмасын басыңыз, сонда қалам автоматты түрде таңдалған пластик түрі үшін қажетті температураға дейін қыза бастайды. Қыздыру кезінде қызыл және сары индикаторлар жанады, СК-дисплейде құрылғының қалай қызғанын көресіз*. Қызыл индикатор жасылға өзгереді, бұл құрылғы пайдалануға дайын екенін білдіреді.

** Шамамен 30 секундтан кейін.*



Пластикті жүктеу үшін алдын ала дайындалған пластик бөлігін тесікке салыңыз (пластикті салмас бұрын, оның ұштары біркелкі кесілгеніне көз жеткізіңіз). Екінші қолыңызбен “Пластикті беру” батырмасын басып, оны саптамадан балқытылған пластик пайда болғанша ұстаңыз.

Қаламда пластикті автоматты түрде беру режимі де бар, ол үшін пластикті беру батырмасын екі рет басыңыз. Пластиктің әртүрлі түстерінде балқу температурасы әртүрлі болғандықтан, температураны қолмен баптау қажет болуы мүмкін, ол үшін **ТЕМПЕРАТУРАНЫ РЕТТЕУ** тармағын қараңыз.

④



Сурет салу кезінде шүмекті ұстамаңыз.

Сіз сурет салуды бастай аласыз.

Сурет салу кезінде Сіз “Пластикті берілу жылдамдығын реттегіш” батырмасын пайдаланып не істеп жатқаныңызға байланысты пластиктің берілу жылдамдығын реттей аласыз.

⑤

Егер Сіз қаламды 5 минут ішінде қолданбасаңыз, ол күту режиміне өтеді. Қаламды қайта іске қосу үшін «Пластикті беру» батырмасын басып, құрылғы қызғанша күтіңіз.

⑥

Жұмыс аяқталғаннан кейін “Пластикті түсіру” батырмасын басу арқылы қаламнан қалған пластикті алып тастауды ұмытпаңыз.




Назар аударыңыз!

Саптаманың ішіндегі пластик қатайған жағдайда қаламды пайдалану мүмкін болмайды.

ТЕМПЕРАТУРАНЫ РЕТТЕУ

Максималды қыздыру температурасы қалам режимінде PLA-210°C, ABS режимінде - 235°C. Температураны реттеу батырмаларының көмегімен СК-дисплейде қажетті температураны орнатыңыз. Қалам автоматты түрде белгіленген температураға дейін қызады. Қажет болса, қажетті температураны орнату үшін пластиктің түрін өзгертіңіз. Ол үшін қаламды ажыратып, қуат көзіне қайта қосыңыз.



ЖИЫНТЫҚТЫЛАУ

- 3D қалам
- Желілік бейімдегіш
- 3D қаламға арналған тұғыр
- PLA пластик жиынтығы
- Сурет салуға арналған трафареттер
- Пайдалану жөніндегі нұсқаулық



ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАМАЛАР

Басып шығаруға арналған пластик: ABS, PLA немесе WATSON 1.75 мм.

Шүмек: керамика, 0.7 мм

Қолдану: 3D үлгілеу

Беру жылдамдығы: реттелетін

Қыздыру температурасы: 165-тен 235°С-қа дейін реттеледі

Қуаты: 5В 2А

Мына техникалық талаптарға сәйкес келеді:

- Кеден Одағының «Төмен вольтті жабдық қауіпсіздігі туралы» техникалық регламенті (КО ТР 004/2011);
- Кеден Одағының «Техникалық құралдардың электромагниттік үйлесімділігі» техникалық регламенті (КО ТР 020/011)

АҚАУЛАРДЫ ЖОЮ

Мәселенің сипаты	Ықтимал себебі	Шешу жолдары
Индикатор жанбайды	Қуат бейімдегіші	Қуат бейімдегішін тексеріңіз
	Баспа тақтасы	Құрылғыны ауыстыру
	Қосу ұяшығы	Құрылғыны ауыстыру
Пластик шүмектен шықпайды	Шүмекте пластиктің тұрып қалуы	Қаламды 230°C дейін қыздырыңыз. Өрі қарай «Құрылғымен жұмыс істеуге дайындық» бөліміндегі 2, 3 тармақтарды орындаңыз
	Жеткілісіз температура	Температураны реттеңіз
	Қыздырғыш элемент жұмыс істемейді	Температураны реттеңіз
	Пластик бітіп қалды	Жаңа пластикті салыңыз
	Тақтамен мәселелер	Құрылғыны ауыстыру
Қызбайды	Қыздыру элементінің мәселелері	Температураны реттеңіз

КЕПІЛДІК ТАЛОНЫ

Қалам артикулы:	Сатып алынған күн:	
Сатып алушының Т.А.Ө. және мекенжайы:		
Сатушы ұйымның атауы және заңды мекенжайы:	Сатушының қолы	Сатушы ұйымның мөрі



Артикулы: KIT FB0021

Өндіруші: Hony Technology Co. LTD, 2-16 Fayuen Street, Mongkok Kowloon, Hong Kong.

Хоня Текнолоджи Ко. ЛТД, 2-16 Фаюен Стрит, Монгкок Коулун, Гонконг.

Өндірілген ел: Қытай.

Импорттаушы: «Даджет» ЖШҚ, 109052, Мәскеу, Новохохловская көш., 23-үй, 1-құр., 3-қабат, 1-үй-жай, 314-кабинет

Жедел желі: 8(800)700-08-34

Ақау және тауар алмасу мәселелері бойынша: service@dadget.ru

Кепілдік мерзімі: 1 жыл

Қызмет мерзімі: 3 жыл

Өндірілген күні: қаптамадан қараңыз.

